

«6D071100 – Геодезия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін орындалған Сарсембекова Зейнеп Кадирбековнаның «Аймақтардың регионалдық ерекшеліктерін ескере отырып, автожол көпірлерінің биіктіктік-пландық параметрлерін негіздеу» атты диссертациялық жұмысына

ПІКІР

Қазақстанда көлік инфрақұрлымының дамуы, әсіресе аудандардың табиғи жағдайларының күрделілігіне байланысты жаңа салынған немесе қайта қалпына келтірілген автожол көпірлерінің санының өсуімен қатар жүреді. Сейсмикалық белсенді және геодинамикалық тұрғыда тұрақсыз өңірлерде, мысалы Алматы қаласында көпір құрлыстарының сенімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету өзекті мәселе болып отыр. Осындай жағдайларда құрылыс жұмыстарын қамтамасыз етіп қан қоймай, пайдалану барысында деформацияны мониторингілеу мүмкіндігін беретін дәл және кешенді геодезиялық шешімдерге сұраныс артып келеді.

Күрделі жер бедері, құрылыс нысандарының тығыз орналасуы және спутниктік көріністің шектеулі жағдайларында жоғары дәлдіктегі биіктіктік-пландық геодезиялық негіздеу жүйесін құру өзекті мәселеге айналды. Мұнда мәселені шешу GNSS- технологиялар, классикалық геодезия әдістері (жоғары дәлдікті нивелирлеу, тахеометрия), сондай-ақ координаталық шешімдердің дәлдігі мен тұрақтылығын бағалаудың ұштасуын талап етеді.

Сол себепті де, автор үлкен көлемде эксперименттік және талдамалық жұмыстар жүргізген, оған геодезиялық желіні құру, координаталарды ең кіші квадраттар әдісімен теңестіру, көпір тректерінің тұрақтылығын бағалау және координаталық жүйені таңдаудың негіздемесі кіреді.

Зерттеу нәтижесінде алынған ғылыми жетістіктерге мыналар жатады:

- сейсмикалық белсенді және таулы аймақтарда көпірлерге арналған биіктіктік-пландық негіздеудің әдістемесін әзірлеу;
- жоғары дәлдікті геодезиялық желілерді құруда корреляттық теңестіру әдісін қолдану
- әртүрлі өлшеу әдістерін біріктіре отырып, деформация мониторингі жүйесіне интеграциялау.

3.Қ. Сарсембекованың диссертациялық жұмысы осы мәселелерге арналған. Жұмыста геодезиялық желілерді құру және талдау нәтижелері келтіріліп, қателіктер бағаланған, деформациялық бақылау әдістері негізделген. Спутниктік және жергілікті координаталық жүйелерді байланыстыру әдістемесі берілген, Бұл зерттеудің қолданбалы мәнін көрсетеді.

Жұмыс ғылыми негізділігімен, әдістемелік тәсілдерінің жоғары деңгейімен және күрделі жер бедері мен сейсмикалық белсенділік жағдайында көлік инфрақұрлымының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған практикалық маңыздылығымен ерекшеленеді.

Доктарант Сарсембекова Зейнеп Қадырбекқызы доктарантурада оқу барысында жауапты, мақсаткер зерттеуші ретінде танылды, қазіргі заманғы геодезиялық технологиялар мен талдау әдістерін меңгерген, өз бетінше ғылыми - зерттеу жұмыстарын жүргізуге қабілетті маман ретінде қалыптасты. Оның диссертациялық жұмысы қазіргі PhD диссертацияларына қойылатын талаптарға толық сай келеді және жоғары бағаға лайық.

З.Қ. Сарсембекованың диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігіне қарасты білім беру сапасын қамтамасыз ету комитеті бекіткен философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін «6D071100 – Геодезия» мамандығы бойынша диссертацияларға қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді.

Отандық ғылыми жетекші
т.ғ.д., профессор



Пентаев Т.П.

